

Б.М. Сүйеркүл^{1*}, А.А. Ақкөзов¹

¹Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы, Қазақстан
(E-mail: akbotakoz@mail.ru)

Сом ежелгі түбірі: этимологиясы мен фразеологиялық семантикасы

Бұл зерттеу қазақ тіліндегі «сом» түбірінің этимологиясын, семантикалық өзгерістерін және фразеологиялық жүйедегі рөлін талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты — «сом» түбірінің тарихи дамуын айқындау, оның түркі тілдеріндегі фонетикалық өзгерістері мен фразеологиялық қолданысын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін этимологиялық талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс және морфемдік-компоненттік талдау қолданылды. Зерттеу материалы ретінде қазақ әдеби тілінің сөздіктері, фразеологиялық және диалектологиялық жинақтар, тарихи жазба ескерткіштер және түркі тілдеріндегі ғылыми еңбектер пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде «сом» түбірінің семантикалық эволюциясы мен фразеологиялық жүйедегі орны айқындалды. Сонымен қатар, оның когнитивтік және этномәдени аспектілеріне талдау жасалды. Бұл зерттеу қазақ лексикасы мен фразеологиясының тарихи дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: соматизм, этимология, фразеологизм, семантика, буын, түбір.

Kipicne

Жалпы тіл білімінде диахронды зерттеулер синхронды ізденістермен салыстырғанда кенжелеу қалып отырғаны жасырын емес. Әсіресе, мағынасы қазіргі тіл ұстанушыға түсініксіз көнерген сөздерге этимологиялық талдау жасауға арналған еңбектер саны аз екені белгілі. Ғылым мен білім беру саласын айтпағанда, күнделікті бейресми сөзжұмсамада сирек қолданылатын ондай сөздердің түпкі мағынасын ашу, олар арқылы жеткізілетін немесе меңзелетін ойды дұрыс түсіну қатысым прагматикасы тұрғысынан ғана емес, сол архаизмдердің бойында жасырылған сан ғасырлық тарихтан сыр шертетін ақпаратты, бейтілдік деректерді анықтау үшін де маңызды. Яғни тіліміздегі кез келген фразеологизм жайдан жай пайда болып, қалыптаспаған, әрбір тұрақты тіркестің түп-тамыры, шығу төркіні, даму жолы бар. Оны анықтау үшін сол тіркестер құрамында *буын* немесе жекелеген *дыбыс* түрінде сақталған *ежелгі түбірлерге* назар аударған жөн. Олардан өрбіген сөздердің этимологиясын және олардың арасында сақталған мағыналық сабақтастықты зерделеу керек.

Түркі түбірлері жайлы алғашқы зерттеулер негізінен *түбір құрылымын* анықтауға бағытталған болатын. Нәтижесінде түркі, тереңірек үңілгенде, алтай тілдері бойынша түбірдің дыбыстық құрылымы жайлы екі бағыт қалыптасты: *Моносиллабтық* (В.В. Радлов, Г. Вамбери, Дж. Клосон, В. Котвич т.б.); *Дисиллабтық* (В. Банг, К. Менгес, Б.Я. Владимирцев, Н.К. Дмитриев т.б.). Түркі тілдері деректері негізінде морфемдік, компоненттік, семантикалық, логикалық талдау әдістері арқылы дисиллабтар мен полисиллабтар құрамындағы алғашқы буынды бастапқы тұлға ретінде қарауға теориялық негіз бар. Сондықтан моносиллабтық бағытты Н. Сауранбаев, Б. Юнусалиев, Н.А. Баскаков, А.М. Щербак, Э.В. Севортян, А.Н. Кононов, Ә.Т. Қайдар, Ә. Ибатов, М. Томанов, Б. Сағындықұлы, Ж. Манкеева, Е. Қажыбек, М. Ескеева сынды ғалымдар қолдап, зерттеу нәтижелері түркі тілдері бойынша түбір және түбір-негіздер жүйесін құрайтын құрылымдық модельді — V, VC, VCC, CV, SVC, CVCC — негізгі тұлғалар деп танығанмен, осы модельдердің қайсысы алғашқы (этимон түбір, этимологиялық түбір, архетүбір, өлі түбір, ілкі түбір, бастапқы түбір, т.б.) деген мәселе үлкен пікірталасқа себеп болғаны белгілі.

Лингвистикада буын құрамындағы дыбыстарды шартты түрде С және V белгілерімен таңбалау дәстүрге айналған: С — (consonant) — буын құрамындағы дауыссыз дыбыстың таңбасы, V — (vowel) — буын құрамындағы дауысты дыбыстың таңбасы. Осы таңбалар негізінде буын құрылысының шартты моделдері сомдалады. «Тіл білімінде қалыптасқан дәстүр бойынша, буынжасамның негізгі шарты ретінде дауысты дыбыстар аталады: дауысты дыбыс буын құраушы қызметін атқармайтын тіл жоқ. Әлем тілдерінің басым бөлігінде тек дауысты дыбыстардан тұратын буынға құрылған сөздер

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: akbotakoz@mail.ru

көп кездеседі. Кейбір тілдерде дауыстылардың қатысуынсыз, тек дауыссыздар тіркесінен тұратын буындар да біршама ұшырасады, мысалы, батыс славян тобына жататын чех тіліндегі *vlk* «қасқыр», *krk* «мойын», оңтүстік славян тобындағы серб тіліндегі *prst* «саусақ» сынды дауыссыздар тіркесінен тұратын буындар дербес мағыналы лексема ретінде қолданылады. Бұл сөздердің жеке буын құрауы лексема құрамындағы *л, р* дыбыстарының сонорлық табиғаты негізінде түсіндіріледі» дейді профессор М. Ескеева [1; 57].

Әлем тілдері бойынша буын құрамы негізінен *дауысты, дифтонг, трифтонг, дауыссыз* және *көпфонемалы* — «дауысты+дауыссыз» (VC), «дауыссыз+дауысты» (CV), «дауыссыз+дауысты+дауыссыз» (CVC), «дауыссыз+дауыссыз+дауысты» (CCV), «дауысты+дауыссыз+дауыссыз» (VCC), «дауыссыз+дауысты+дауыссыз+дауыссыз» (CVCC), «дауыссыз+дауыссыз+дауысты+дауыссыз» (CCVC) болып келеді. Буынның дауыстыға аяқталатын *ашық* буын, дауыссызға аяқталатын *жабық* немесе *тұйық* буын деген түрлері бар. Бұлардың ішінде біршама әмбебап сипаттағы буын типтері CVC, CCV және CV, VC модельдері тілдердің басым бөлігіне ортақ саналғанымен, артикуляциялық ерекшеліктерге байланысты бір-біріне сәйкес келе бермеуі мүмкін. Сөйлеу физиологиясы зертханасында жүргізілген эксперименттер CCV моделі ерекше жағдайларда CV+CV модельдеріне ажырайтынын көрсетеді: *сто* → *сь* + *то* «жүз». Эксперимент нәтижесіне сүйенген авторлар: «Это заставляет считать, что основными элементами речи являются простейшие артикуляторные комплексы типа СГ, а более сложные сочетания типа ССГ, СССГ представляют собой не что иное, как группы этих простых комплексов, организованные таким образом, что следующий комплекс начинается раньше, чем успевает закончиться предыдущий» деген қорытынды жасаған болатын көрнекті ғалым Л.Р. Зиндер «Общая фонетика» атты еңбегінде [2; 158].

Тілдің ең шағын бірлігі саналатын буын мен морфема барлық тілде әрдайым сәйкес келе бермейді, бұл құбылыс флективті жүйеге негізделген семит-хамит, славян, роман-герман тобындағы тілдерде айқын аңғарылады. Мысалы, орыс тіліндегі *дом* «үй» сөзі түбір морфема ретінде буынға сәйкес келсе, грамматикалық мағына жүктеген *дома* «үйде» сөзіндегі бірінші буын түбір морфеманың бір бөлігіне ғана сәйкес келеді. Аталмыш құбылыс жалғамалы тілдер қатарына жататын қазақ тілінде де бар. Мысалы, *Балалы үй — базар, баласыз үй — мазар* деген мақалдағы *бала* лексемасы синхронды тұрғыдан екі буынды түбір саналғанымен: *ба+ла*, диахронды тұрғыдан *бал+а* деп бөлеміз, яғни морфемдік-компоненттік талдау негізінде *бал→бал+а* түбір морфемасын және тарихи модификаторға (алтай тілдеріндегі туыстық атаулардың құрылымына сәйкес, аналогиялық әдіспен: *ап+а, бөл+е, жор+а* (жора-жолдас), *құд+а т.б.*) ажыратуға болады: *бал→balbal* «ритуальный камень» (ДТС, 80) Е. 32; КТү. 16; *Баулау қырқ аз қағаның балбал тіктім*» дейді қазақ тіліндегі моносиллабтарды арнайы зерттеген ғалым М. Ескеева бір буынды түбірлер туралы еңбегінде [1; 64].

Этимология саласында үздіксіз зерттеу жүргізген профессор Б. Сағындықұлы түркі тілдеріндегі түбір мен қосымша мәселесіне бірнеше еңбегін арнаған. Ғалымның «Көптік жалғауларының жаңадан ашылған этимологиясы» [3] және «Түркі тілдеріндегі барыс септігі жалғауларының жаңа этимологиясы» [4] атты мақалаларында айтылған ойлары диахронды тіл білімінің дамуында ерекше маңызға ие. «Септік жалғауларының ішінде барыс септігі жалғауының формалары өте көп. Бұлар қазіргі түркі тілдеріндегі және көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі архаикалық формалар болып екіге бөлінеді. Түркітанушылар бұл тілдік элементтердің ескіден келе жатқанын және бір бөлегінің жаңадан пайда болғанын мойындап, олардың этимологиясы туралы әртүрлі болжамдар жасады. Жаңа этимология барыс септігі жалғауларының формалары қаншалықты көп болғанымен, олардың бір-ақ негізден шыққандығын дәлелдеп шықты» дейді Б. Сағындықұлы. Тіліміздегі көнерген, мағынасы күңгірттенген сөздерге этимологиялық талдау жасағанда ғалымның «*Үнемдеу заңының ықпалы, жылысу, сіңісу, қатаңдардың ұяңдануы* сияқты толып жатқан фоно-морфосемантикалық құбылыстар о бастағы әдепкі форманы адам танығысыздай дәрежеге жеткізген» деген пікірін есте ұстау маңызды. Біз де «Этимологиялық талдау: қазақ тіліндегі тұрақты тіркесте қолданылатын мағынасы күңгірт сөздердің этимологиясы» ғылыми жобасы аясында зерттеу жүргізу барысында байырғы формаларды анықтау үшін тілімізде сақталған фоно-морфосемантикалық заңдылықтарды басшылыққа аламыз.

Әдістері мен материалы

Материалдар

Зерттеудің материалдық базасын қазақ әдеби тілінің сөздіктері, фразеологиялық және диалектологиялық жинақтар, тарихи жазба ескерткіштер, сондай-ақ қазіргі түркі тілдеріндегі деректер құрады. Сонымен қатар, түркітану саласындағы беделді ғалымдардың этимологиялық зерттеулері мен салыстырмалы-тарихи еңбектері пайдаланылды. Бұл материалдар «сом» түбірінің тарихи дамуы мен оның фразеологиялық жүйедегі қолданысын жан-жақты зерделеуге мүмкіндік берді.

Процедурасы

Зерттеу бірнеше кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қазақ тіліндегі «сом» түбірінің тарихи өзгерістері туралы қолжетімді ғылыми деректер жинақталды. Екінші кезеңде түбірдің түркі тілдеріндегі баламалары анықталып, олардың фонетикалық және семантикалық өзгерістері салыстырылды. Үшінші кезеңде алынған мәліметтер морфемдік-компоненттік және этимологиялық талдау әдістері арқылы өңделді. Соңғы кезеңде алынған нәтижелер негізінде «сом» түбірінің фразеологиялық қолданысы мен когнитивтік ерекшеліктері анықталды.

Деректерді талдау

Алынған деректерді өңдеу үшін этимологиялық талдау, салыстырмалы-тарихи әдіс және морфемдік-компоненттік талдау қолданылды. Этимологиялық талдау «сом» түбірінің тарихи даму кезеңдерін айқындауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы оның түркі тілдеріндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданды. Морфемдік-компоненттік талдау түбірдің фразеологиялық бірліктердегі қызметін және оның мағыналық өзгерістерін айқындауға бағытталды. Деректерді өңдеу нәтижесінде «сом» түбірінің семантикалық эволюциясы мен фразеологиялық жүйедегі орны анықталды.

Нәтиже және оның талқылануы

Қазіргі тіл білімінде жалпы фразеологиялық бірліктердің әртүрлі типтері, олардың құрылымы мен синтаксистік байланыстары біршама зерттелген. Фразеологизмдердің тақырыптық, синонимдік және антонимдік қатарлары да көптеген еңбектерде қарастырылған. Лингвистиканың дербес саласы ретінде қалыптасқан фразеологияның қазіргі даму кезеңінде фразеологиялық бірліктер (ФБ) семантикасын, әсіресе олардың құрамында кездесетін, бүгінде дербес лексема ретінде жұмсалмайтын немесе сирек жұмсалатын көнерген сөздердің мағынасын анықтауға жіті көңіл бөлу керек. Себебі ондай сөздердің жеке тұрғанда білдіретін бастапқы мағынасы мүлдем ұмытылып кеткенімен, тұрақты тіркеске айналғаннан кейін жұмсалып жүрген ауыспалы мағынасымен бір фразеосемантикалық өрісте жатады. Әуел баста дара мағыналы сөз болғанымен, ондай архаизмдердің семантикасы тіл дамуының әртүрлі дәуірлерінде тіркескен сөздерінің мағынасымен астасып, тұтасып, кейде тіпті ұмытылып, кейде мағыналық реңк деңгейінде ғана сақталып қалуы мүмкін. Кейде сөздің бастапқы мағынасы сол сөздің әуелдегі нұсқасын танытатын *ілкі түбірдің* бір немесе екі дыбысында ғана сақталуы ықтимал. Қазіргі тілдік санамызға сәйкес, бейнелі түрде айтар болсақ, оны сөздің бастапқы түбірінің құрамында болған буындармен салыстыруға болады.

Соңғы ширек ғасырда тіл білімінде үстемдік алған антропоөзекті парадигмада қоршаған ортаны адам баласымен, оның тіршілік әрекетімен тығыз байланыста алып зерттеуде соматикалық фразеологизмдерге арналған жобалардың өзектілігі даусыз, себебі, оларға қатысты әлі де басы ашылмаған мәселелер бар. Кейінгі жылдары жүйесі әртүрлі тілдердегі фразеологиялық бірліктер салғастырыла зерттелген жұмыстар саны едәуір артқанымен, түбі бір, жүйесі ортақ тілдердің фразеологиялық, паремиологиялық қорындағы соматизмдердің семантикасында орын алған түрлі өзгерістерді, олардың мағыналық шеңберінің кеңеюі, тарылуы, басқа мәнде жұмсалуға бейімдігі сияқты тілдік құбылыстарға да назар аудару қажет. Бұл тілдік дерек қана емес, сөздердің атау ретінде атқарған қызметінің сипатына, яғни тіл иесі халықтың ойлау жүйесінде орын алған сан алуан өзгерістерді анықтау үшін де маңызды.

Алғаш 1977 жылы жарық көріп, кейін бірнеше рет басылған академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» [5] ғылыми көпшілікке етене таныс. Көрнекті лексиколог ғалымдар Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» [6] атты оқулығы білім алушылардың жиі пайдаланатын еңбегіне айналған. Сондай-ақ соңғы отыз жыл

шамасында қазақ фразеологизмдері бірқатар ғылыми еңбекте жүйелік-құрылымдық, танымдық және салыстырмалы тіл білімі тұрғысынан арнайы диссертациялардың, монографиялардың зерттеу нысаны болды. Бұл ретте С. Сәтенованың «Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты» (1997) [7], Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» (1998) [8], Р. Авакованың «Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы» (2003) [9], Г. Сағидолданың «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны» (2004) [10], Қ. Қалыбаеваның «Салыстырмалы түркі фразеологиясы (Қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша)» (2010) [11], Б. Жұбатованың «Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер» [12] т. б. маңызды еңбектерді атағанымыз жөн. Соңғы жылдары зерттеушілер фразеологизмдердің ғылым саласында, ғылыми мәтіндегі қолданысын жан-жақты қарастырып жүргені байқалады. Профессор Р. Авакова орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологияланған терминдерге арналған мақаласында термин ретінде қолданылып жүрген тұрақты тіркестерді ғалымдар түрліше атайтынын: фразеологиялық терминдер (В.П. Жуков), күрделі терминдер (В.Н. Прохорова), фразеологиялық терминдер (А.Н. Кожин) және т.б. айта келе, оларды біріздендіру мәселесіне тоқталады, ең дұрыс нұсқа ретінде *фразеологияланған термин* деген қолданысты ұсынады [13].

Профессор Г. Смағұлованың «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты монографиясында тарихи фразеологизмдер тіл арқылы халықтың мәдениетін танудың маңызды бір құрамдас бөлігі ретінде қарастырылған. Сондай-ақ фразеологизмдердің варианттылығы, лексика-грамматикалық варианттары, мағыналас және қарсы мәнді фразеологизмдер, тұрақты тілдік бірліктер арқылы білдірілетін көп мағыналылық, омонимия мәселесі, қазақ фразеологиясындағы синтагматикалық қатынастар және еліміздің белгілі бір аймақтарында ғана кездесетін, жергілікті фразеологизмдер арнайы сөз болады [14].

Р.А. Авакова мен Д.А. Андабаеваның «Прецедентные фразеологизмы в тюркских языках: этнолингвистический аспект» деп аталатын мақаласында [15] түркі лингвомәдени қауымдастығына кеңінен танымал болған тарихи тұлғалардың, сондай-ақ ойдан шығарылған кейіпкерлердің есімдерімен байланысты, халық тарихында орын алған алуан түрлі оқиғаларға, материалдық және рухани мәдениет нысандарының атауларына қатысты пайда болып, сөзжұмсамда тұрақтанған прецедентті фразеологиялық бірліктер салыстырмалы тұрғыда, қазақ және түрік тілдерінің материалдары бойынша қарастырылған.

Шағын шолудан байқағанымыздай, қазақ фразеологизмдерін шығу тегі, олардың құрамындағы жекелеген көнерген сөздердің этимологиясы тұрғысынан қарастыру мәселесі әлі де жеткілікті дәрежеде емес екен. Осымен байланысты, біз *жан* мен *тәннен* және *рухтан* тұратын адамның күрделі болмысын когнитивтік құбылыс ретінде танытатын соматизмдердің қатысуымен жасалған фразеологизмдердің этимологиясына, сондай-ақ тілдік санамыз мен когнитивтік санамыздың арасындағы дәнекерлік қызметіне назар аудармақпыз.

Бұндай зерттеулердің *өзектілігі* қазіргі жаһандану кезеңінде әр ұлттың өзіндік бет-бедерін сақтап қалуына, мыңдаған жылдық ғұмыры бар тарихи тамырымыздан алған нәрімізбен қазіргі ұрпақтың сусындауына түрткі болу қажеттілігінен көрінеді. Мақсатымыз — бабаларымыздың үлкен әділетсіздікпен жоққа шығарылып жүрген ерен еңбегі мен терең білімін қазіргі жас буынға ана тіліміздің деректері арқылы таныстырып, дұрыс насихаттауға, сөйтіп өскелең ұрпақтың және жалпы халықтың игілігіне айналуына себепші болу.

Ұсынылып отырған мақалада құрамында дене мүшелері атаулары бар фразеологиялық бірліктер зерттеу нысанына алынды, яғни аса ежелгі *сом* түбірінен өрбіген «сома», «сұм», «сүм», «сым», «мос», «мас», «мыс», «маза», «шом», «шомбал», «сомбал» архаизмдерінің мағынасы, олардың семантикалық шеңберіндегі өзгерістер, бастапқы мағынасының кеңеюі, тарылуы, ауысуы, ұмытылуы немесе жойылуына қатысты мәселелерге тоқталамыз.

Сом түбірінен өрбіген сөздердің мағынасы және фразеологиялық бірліктер құрамындағы қолданысы

Тіл білімінде адамның немесе жануарлардың дене мүшелерін білдіретін сөздер *соматизмдер* деп аталады. Ғылыми әдебиетте *соматизм* терминінің жасалуына негіз болған «soma» сөзі грек тілінен аударғанда *дене*, *тән* деген мағынаны білдіретіні жайында көп айтылады. Лексикографиялық дереккөздерде *сома* терминіне берілген анықтамалардың барлығында оның түбірі грек тіліндегі *soma* — қазақша «дене, тән» екені айтылған. «Үлкен энциклопедиялық сөздікте» «сома — жануардың немесе өсімдіктің барлық жасушалары (клетка) (репродуктивті жасушадан басқасы)», «Биологиялық энциклопедиялық сөздікте» *сома* (грекше *soma* — дене), көп жасушалы ағза жасушаларының

жиынтығы (көбею жасушаларын қоспағанда), «Философиялық энциклопедиялық сөздікте» *сома* — (грекше) дене; *соматикалық* — денеге қатысты; *соматология* — дене туралы ғылым екені айтылған [16]. «Сома [*гр. тән, дене*] — ағза денесі» [17]. Сома (<грек. *Sōma* тән). мед., физиол. Ағзаның денесі, тұрқы. [18]. Осымен байланысты қалыптасқан *соматология* (грек тілінде *soma, atos* — дене, тән және *logos* — сөз) терминіне «адам денесін, сүйектері мен бұлшық еттерін зерттейтін ілім» деген анықтама беріліп, ол *анатомия* терминінің баламасы ретінде қолданылатыны көрсетілген [19].

Соматология — жиірек қолданылатын нұсқасы — «анатомия», жануарлар мен адам денесінің құрылысын зерттейтін ғылым [20]. Соматология (грек т. *soma, atos* — дене және *logos* — сөз) Адам ағзасы туралы ілім [21]. Соматология — адам денесін зерттейтін анатомия сияқты ғылым [22]. Сонымен *соматология* (неміс т. *Somatologie* < грекше — *сома* және *логия*) антропологияның жалпы адам ағзасындағы өзгерістерді (бой, салмақ, пропорция т.б.) зерттейтін саласы екен.

Осы аса ежелгі түбірдің тіліміздегі *сом денелі* фразеологизмі мен *сомадай еркек* деген тұрақты теңеу құрамында сақталып қалуы және қазір де қолданылуы, бір жағынан, қазақ тілінің тарихы мыңжылдықтарды қамтитынын білдірсе, екінші жағынан, «сом» ежелгі түбірі дамудың бірнеше кезеңінен өтіп, элизия, метатеза сияқты түрлі дыбыстық, морфологиялық өзгерістерге ұшырағанын, сөйтіп оның семантикалық аясы барынша кеңейгенін көрсетеді. Яғни бұл диахрониялық тіл білімінде орныққан *түбір неғұрлым көне болса, оның фразеологиялық қорымыздағы орны соғұрлым үлкен, маңызды және сан түрлі сипатта болады* деген түсінікпен ұштасады.

Сом сөзінің қатысуымен жасалған фразеологизм «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» (ҚӘТС) енгізілген: **Сом денелі** — *Кесек денелі*. Комплексті егіс бригадасының бригадирі *сом денелі* Овчинников та аттан түсе берді (Б. Тоқтаров, Қырандар қанаты) [23; 473]. Ал академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің» 2007 жылғы басылымына **сом денелі** тұрақты тіркесі еңбегімен, «**Сом алтын** — тұтас құйған кесек алтын» және осымен сабақтас «**Сомдап соқты** — тұтас құйды» деген тұрақты тіркестер берілген [5; 618]. Ал *сомадай* теңеуінің екі мағынасы көрсетілген. «**Сомадай** [дардай, соқтадай, соқталдай, еңгезердей] **болып** — *Үн-үлкен, дәп-дәу бола тұрып*» және «**Сомадай** [дардай, соқтадай, соқталдай, еңгезердей] **жігіт** — *Ірі, қапсағай денелі бозбала*» [5; 618] деген түсініктеме берілген. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (ҚӘТС) **Сом** сөзінің үш мағынасы берілген: Бірінші, қаржы термині: Кеңес кезеңінде қолданылған *жүз тиынға тең ақша бірлігі; қазіргі Қырғызстан ақшасы*; Екінші, ветеринария термині: *жылқы малында кездесетін жара, ауру*. Қиналтар қыңырлығын қылған ондай, Жамбастан жарып шыққан *сом* секілді (Кете Жүсіп). Үшінші, сын есім: 1. *Кесек, тұтас, бүтін*. Жауыздың жанасуы жай ғана ма? Арамдық, бағатыны пайда ғана. *Сом* тасын тіселмеген тиірменнің, Күн бұрын дайындапты айдалаға (Т. Ізтілеуов). 2. *Зор, ірі*. Нар тұлғалы жігіт ту сыртынан тіпті *сом* көрінеді екен (Б. Нұржекеев). 3. *Мықты, күшті*. Сен емес бақыт сұрап жалынатын. Сау болсын *сом білегің*, от жүрегің (Ш. Мұхамеджанов) [23; 471-473]. **Сом денелі** (*Кесек денелі*) тіркесінде *сом* сын есімінің осы «*зор, ірі*» семасы актуалданса, **сом алтын** (*Тұтас құйған кесек алтын*) тіркесінде «*кесек, тұтас, бүтін*» семасы өзектеледі: Бүлдіршіндей жас қыздың осыншама ерлік көрсеткеніне риза болған Абылай, беліндегі *сом* алтыннан соғылған жаңа белбеуін шешіп берді (І. Есенберлин) [23; 473].

Тілімізде бұл көне түбірдің қатысуымен ішкі флексия (түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі) тәсілі арқылы жасалған, адамның бой-бітімін, тұлғасын сипаттау үшін жұмсалатын *көрік, кескін, келбет* мағынасын білдіретін **сымбат** сөзі, *алып тұлғалы, қапсағай денелі, еңгезердей, үлкен, ірі* мағынасында жұмсалатын **алтамсадай** (жігіт) деген тұрақты теңеу де бар. Олардың бәрі «адамның тәні, денесі» семантикалық өрісіне жатады.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **сымбат** сөзінің екі мағынасы берілген: 1. *Жеке тұлғаның дене бітімінің әсемдігі, сұлулығы, мүсінділігі*. Бой *сымбаты* сұңғақ, биік екен Сармолданың, — деді Дәмежан (М. Әуезов). Болғанда ақыл ойда, *сымбат* бойда, Тұра ма ақын қарап мұндай тойда? (Ә. Найманбаев). 2. **Сырт бейне, тұлға**. Сізде *сымбат*, бізде ықылас, Осы сөзім бәрі рас. Сіздей жардың жалғанда Қызығына жан тоймас (Абай) [23].

Сондай-ақ түркі халықтарының тарихы мен әдебиетінде ерекше орын алатын Алпамыс, Алып Манаш, Манас сынды батырлар есімдеріне де осы көне түбірдегі «*алып, зор, қапсағай денелі, өте ірі*» семалары негіз болған деуге болады. Тілімізде **сом денелі** тіркесімен мағыналас *кең иықты, жоталы, төртбақ, кеуделі, мығым денелі, алып тұлғалы, жауырыны кең, жауырыны қақпақтай, жалпақ жауырынды* т.б. тіркестер бір синонимдік қатар құрайды [24]. Мұндай тұрақты тілдік бірліктерді халық ауыз әдебиетіндегі батырлардың алып тұлғасын суреттейтін жолдардан кездестіруге болады.

Қазіргі қазақ тілінде осы көне түбірден жасалған **сомдау** етістігі ауыспалы мағынада белсенді қолданылады: *мүсінді сомдау, рөлді сомдау, сомдап соғу* т.б.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **сомда** сөзінің екі мағынасы берілген: **1. Берік те бекем етіп жасау.** Күмбезін соққан *сомдап* қылаң қыштан, Ерім көп жаратылған ұлы алғыстан (Р. Ниязбеков). **2. Келісті етіп мүсіндеу.** Жазушы Мұқан жауынгер досы, жас қаламгер тұлғасын сүйсіне *сомдаған* (М. Әлімбаев). *Сомдап* соғылған халықтық тапқыр сөздер мен нақылдарда бейнеленген адам қарым-қатынастарының алуандығын бағдарлау қиын-ақ (М. Әлімбаев) [23].

Сомдау — темірдің **белгілі бір жерін жуандату**. Ол үшін темірдің *сомдайтын* тұсын көрікке ұзақ уақыт ұстап, жақсылап қыздырып, төстің бетіне тігінен қойып, төбесінен балғамен ұру керек. **Сомдауды** ежелгі заманда ұсталар өз бетінше қолдан істеп, одан бұйымдар жасап сатқан. Қылыш, найза, жебе ұштарына арналған өткір темірді осы әдіспен жасайды. Сондықтан бұл қол жұмысы ертеде жоғары бағаланған. Мықты шеберлер хандарға арналған сауыттарды осы әдіспен жасаған [25].

Мүсінді сомдау: Түрлі тастар мен түсті металдардан танымал тұлғалардың, еліміздің өркендеуіне ерекше еңбек сіңірген кісілердің бейнесін жасау, ескерткіш тұрғызу. Тілеубердінің бағын ашқан тырнақалды туындысы — күш атасы Қажымұқанның **мүсіні**. Осы *мүсінді сомдағанда* Тілеуберді бар-жоғы жиырма-ақ жаста екен [26].

Рөлін сомдау: Тарихи тұлғаның, өнер туындысындағы кейіпкердің рөлін ойнау, оның өзіндік кескін келбетін елге таныту. **Дұрыс мүсін:** Дұрыс **мүсін** деген адамның еркін тұрғандағы, басы мен денесін түзу ұстай алатындай әдеттегі қалпы [25].

Осы жерде тілімізде өте ерте заманда қолданылған *ішкі флексия* тәсіліне тоқтала кеткен жөн. *Ішкі флексия* — түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі арқылы грамматикалық немесе лексикалық мағынаны білдіру тәсілі. Бұл құбылысқа мысал ретінде *қышу* (терінің белгілі бір бөлігінің жыбырлауы, сырттан немесе іштен болатын қандай да бір әсерге, әрекетке ағзаның қайтаратын реакциясы, «жауабы») және *қасу* (терінің қышыған бөлігін тырнау, тырнақпен осқылау) сөздерін келтіруге болады. Тілімізде **ш/с дыбысының алмасуы** арқылы жасалған жарыспалы нұсқаларға мысал көп: *мысық/мышық, есек/ешек* т.б. Тіпті осы сәйкестік негізінде жасалған дербес мағыналы сөздер де бар.

С~ш және ш~с сәйкестігі туралы айтқанда тарихи мұраларымызға жүгінген жөн. Академик Н.Т. Сауранбаев көне қыпшақ тілінің басты бір ескерткіші ретінде XIV ғ.б. жазылған «Кодекс Куманикусті» көрсетіп, ондағы **с** мен **ш** дыбыстарының өзара алмасып келуіне мынадай мысалдар келтіреді: «кәс (кесу), қасқа (тақыр бас), іс (жұмыс), қайыс (белбеу), құс, кісі т.б. Таким образом, сокающая черта языка «Codex cumanicus» не только сближает его с современным казахским языком, но и роднит их» [27].

Жалпы **с** мен **ш** дыбыстарының өзара алмасуы өте ерте дәуірден басталады. Орхон-Енисей ескерткіштерінде (V-VIII ғ.) *кісі-кіші /кичи/, болмыс-болмыш, соғысмыс-соғышмыш* формалары кездеседі. Көне түркі, орта түркі дәуіріндегі жазба мұралар тілі мен қазақ тілі материалын салыстырғанда **ш~с** сәйкестігі анлаут позицияда, яғни сөз басында сирек кездеседі: *шол* XIII, Таф. I — сол (есім), *шунқар* — сұңқар, *шум* — сұм. Жазба ескерткіштерде осы дыбыстардың кері сәйкестігі де (**с~ш**) байқалады: *сеш* МҚ — шеш: Ер аттын қиан сешди «Ер адам аттың кісенін шешті» (МҚ II 13); *сач* XIII, Г, НФ, КК — шаш (волосы), *сач* XIII, КК, Мн, Г — шаш (разбрасывать); *сырча* Таф. I, КК, XIII, Г — шыны; *сучу* XIII, КК, Мн, Г — шашу; *сучул* XIII, Мн — шешін; *сызғыр* КК, НФ — шыжғыр; *сачмақ* XIII, Мн, КК — шашпақ. Сөз басында **с** дыбысының орнына **ш** дыбысын айту түркі негіз тілінің соңғы дәуірлеріне қатысты құбылыс [28]. Олай болса, қазіргі тілдегі *сап* (зат есім), *сұңқар*, *сиыр*, *сол* тәрізді сөздердің басында айтылатын **с** дыбысы түркі негіз тіліне дейінгі дәуірлерден бізге жеткен қолданыс, ол *шаныш/шанышы, шаш* (етістік) сияқты сөздердің абсолют басындағы **ш** түркі негіз тілінің жеке, дербес тілдерге ажырау дәуірінде пайда болған құбылыс болып саналады [29; 67]. Бұл пікірге қатысты мынадай дерек келтіруге болады: Орхон-Енисей жазбаларында **с** дыбысы сөз басында жиі қолданылады: *са-есептеу, саб-сөз, сабишы-хабар, сач-шаш, сағ-сау* (дені сау), *сағ-сау* (сиырды сауу), *сал-сал* (ет) т.б.

Көне түркі және орта түркі тілінде инлаут позицияда **ш** дыбысымен келетін сөз саны — 31. Сөз ортасындағы **ш** қазақ тілінде түгелге дерлік **с** дыбысына айналып отырады. Мысалы, *асыш* МҚ — асыс. Ол маңа ет асышты «Ол маған ет асысты» (МҚ I 184); *Башсыз* МҚ — бассыз; *қаршы* ҚБ, МҚ — қарсы; *қаршы* МҚ — қасы, қасу; *қашқы* ҚБ — қысқы; *ташыт* МҚ — тасыт; *ашты* (кашти) Атт. — кесу. өту, асу, басып озу, жанынан өту, асып кету. *Башқарды* Атт. — 1) басқару, іс жүргізу;

2) айналдыру (қазіргі қазақ тілінде: /істі/ дөңгеленту, /шаруаны/ дөңгеле/н/тіп әкету деген мағынасы бар), *бошанды* (боп бопды) Атт. — 1) босану, азат болу; 2) бос, еркін болу; *қошты* Атт. — 1) қосу, жалғау, 2) жөндеу, түзеу, *қошты* Атт. — қосу, кездестіруге ықпал ету; жолықтыру, *қошты* Атт. — қосу; жегу (атты арбаға қосу); қарсы алу, ташыды Атт. — тасу, бір жерден екіншісіне көшіру, ауыстыру; *аша* КК — аса (етті аса); *бошан* КК — босан; *бошат* КК — босат; *бешик* ХШ, НФ — бесік; *тумиуқ* Мн, Г — тұмсық; *қоңшы* КК, ХШ — қоңсы; *ашур* КК, Г — асыр (асып кету); *ашәк* Таф.І, КК — есек; *ташы* ХШ — тасы (носить); *аша* КК, ХШ — аса (мыңнан аса); *аша* ХШ, КК — аса (ет аса), *ашат* Таф. І., КК — асат (ет асат), *қоңшы* Г, НФ, ХШ, Таф. КК — қоңсы; *қышқы* Таф.І — қысқы т.б.; *төше* Таф. І — төсе; *төшек* Таф. І — төсек, *ашық* КК — асық [1].

С~ш сәйкестігі аулаут позицияда жиірек кездеседі. Көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштерінде 89 сөздің аяғындағы **ш** қазақ тілінде **с** дыбысымен беріледі:

аш ДТД, 32; Орх; Е. — ас, асу (бір жерден өтіп, келесі жерге бағыт алу, белгілі бір мөлшерден өту): Көгмен аша қырқ аз йеріне тегі сүледіміз КТү.17 «Көгменнен аса қырқ аз жеріне дейін соғыстық» Айд. І,175; *Беи.* ДТД, 37; Тон. 49; БҚ. 25. КЧ. 14. *беи* Айд. І,208.

аш МҚ — ас: Арпасыз ат *ашумаз* «Арпасыз ат (таудан) аса алмас» (МҚ і 123); *атыш* МҚ — атыс; *ойнаш* МҚ — ойнас, жеңіл мінезді әйел; *оқыш* МҚ — оқыс: Ол менің бирла битиг оқышты «Ол менімен бірге кітап оқысты» (МҚ І 186); *қайтыш* МҚ — қайтыс: Олар екки қайтышды «олар екеуі (бірге) қайтты» (МҚ ІІІ 195); *қыртыш* ҚБ, МҚ — қыртыс, *йер қыртышы* МКІ — жер қыртысы; *қорыш* МҚ — қорыс: Ол маңа қорығ қорышты «Ол маған қорық қорысты» (МҚ іі 8); *баш* Атт. — бас; *бош* Атт.— бос; *айтыш* ХШ — айтыс; *төш* НФ, ХШ, КК — төс; *қайыш* НФ — қайыс; *қамыш* Г, ХШ, КК — қамыс; *қыш* Г, Мн, ХШ — қыс; *аш* Таф.І, Г, ХШ, НФ, Мн — ас; *кеңеш* Таф.І — кенес; *алғыш* КК — алғыс; *батыш* КК — батыс; *беріш* КК — беріс; *таш* ДТД, 71; Е. 34; Он. ііі, 1; КТк. 11. — тас; *қош* МҚ — қос; *қош ат* МҚ — қосардағы ат; *қош бичак* МҚ — қайшы; *теш* ҚБ — тес; *тыныш* ҚБ — тыныс; *төш* МҚ — төс; *түш* І ҚБ, МҚ, ҺХ — түс (көру); *түш* ІІ МҚ — түс: түш өді «түс мезгілі» (МҚ ІІІ 115); *түш* ҚБ, МҚ, ҺХ — түс: таш құдзұғқа түшти «тас құдыққа түсті» (МҚ І 456); *таш* Атт. — тас, *аш* Г, Мн, НФ, ХШ, КК — ас, Араның ашы «араның асы» (Мн, 291а2).

Батыш НФ — батыс, *баш* Г, Мн, НФ, ХШ, КК — бас; *бош* КК — бос; *башқа* КК — басқа; *болмыш* КК — болмыс; *таш* Г, Мн, НФ, ХШ — тас; *қайыш* ХШ, КК — қайыс; *қаш* НФ, Мн, ХШ, Таф.І — қас (бровь); *қаш* НФ, ХШ, Таф.І — қас; *қыш* Таф.І — қыс (зима); *қуш* — құс; *байқуш* ХШ, Мн — байғұс; *ертә* Г, КК — ертесі; *түш* Г, ХШ, НФ, КК — түс (сон); *түш* Г, Мн, НФ, ХШ, Таф.І — түс (слезать); *талаш* ХШ, Мн, КК — талас; *қарғыш* НФ, ХШ, КК — қарғыс; *алыш* КК — алыс, *атташ* КК — аттас, *беи* КК — бес, қарғыш Атт., ХШ, КК — қарғыс; *қашыды* (сурутти) Атт. — қашты т.б. [1].

Мұндай сөздер оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінде, сондай-ақ қыпшақ тобына жататын тілдердің бірқатарында (татар, башқұрт т.б.) осы күйінде айтылады. Яғни жалпытүркілік **с**, **ш** дыбыстарының қазақ сөздеріндегі жұмсалып келуі позициясын зерделей қарағанда сөз соңындағы **ш** **с**-ға айналу арқылы бұл дыбыстар аллофондар есебінде түзілгені аңғарылады. Сондықтан қазақ тілінің өз ішінде кейбір сөздерде **ш~с** сәйкестігі байқалады. Қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің өз арасында жіктелуінде критерий болып тұрған **с** мен **ш** бір-біріне ауыспаған, қатар өмір сүрген [1].

Ш~с дыбыстарының алмасуы қазақ тілінің өз ішінде жиі кездеседі: *борсы-боршы*, *мұрса* — *мұрша*, *сайтан* — *шайтан* сияқты сөздер бар. Мәселен, *мұрса-мұрша*: Кейін бірдеңе оқуға *мұрсасы* болды ма? (А. Мархабаев), Сәдірдің басқа жаққа бұрылып кетер *мұршасы* қалмады (А. Хангелдин). Осы деректерден байқағанымыздай, **ш~с** дыбыстары сөздің барлық позициясында алмаса берген. Ғалым А. Айғабылұлы *жұмысшы* — *жұмысшы*, *басшы* — *башшы* деген сөздердің дыбысталуында ешқандай ауытқу болмайтындығын, таза артикуляциялық мүмкіндікке байланысты, оларды басқаша дыбыстау мүмкін еместігін алға тартады. Ал *сүйінші* — *шүйінші*, *басқыш* — *башқыш* варианттарындағы дыбыс алмасуын морфонологиялық құбылыс дейді [30; 36].

Жалпы түркі тілдеріндегі сөздердің негізін консонанттық жүйе құрайтыны мәлім. Яғни ең көне түбірлердің құрамында *дауыссыз дыбыстар* жетекші орында тұрып, басты рөл атқарады, ал дауыстылар сол негізгі дауыссыздардың ыңғайына қарай қосылып, сөзге жаңа мағына береді, қосымша мән үстейді немесе жаңа сөз түзеді. Осы тұрғыдан алғанда, адамның *тәнін*, *жалпы дене тұрқын*, *бойы мен тұлғасын* сипаттау үшін жұмсалатын *мүсін* /*құлын мүсін*, *дұрыс мүсін*/, *сымбат*

/сымбатты/, сым (сымдай тартылған) сияқты сөздердің жоғарыда аталған *сом//сома* сөздерімен түбірлес екені күмәнсіз. Осы аса ежелгі түбірдің құрамындағы **с, м** дауыссыздарының позициясына (сөз құрамында орналасу ретіне) қарай аталған сөздердің мағыналарында ішінара айырмашылық бар болғанымен, бұл көне түбірден өрбіген сөздердің барлығы бір семантикалық (тән//денені білдіретін) яки фразеосемантикалық — адамның ішкі, эмоциялық, психикалық күйі мен соған сәйкес көрінетін дененің сыртқы, физикалық қалпын және эмоционалдық ахуалын сипаттайтын өріске жатады. Назар аударайық: *Томсыраю — Аузын бұртитып, қабағы түсіп, үнсіз отыру; тымыраю*) [31; 260]. *Томсару — Қабақ шытып, үнсіз тұнжырау, түнеру; тымыраю, томаға-тұйық болу*) [31; 259]. *Тымшию — Жұмған аузын ашпау, үндемеу* [31; 544]. *Тымыраю — Томсыраю, сөйлемей, үндемей отыру* [31; 545]. Тілімізде осы етістікпен түбірлес **тымырсық** сын есімінің «*сыр ашпайтын, сөйлемейтін, біртоға*» деген мағынада жұмсалатыны да белгілі.

М//С және **С//М** дыбыс алмасуының негізінде жасалған **мас-, мос-, мыс-, мес-, мүс-, міс-** түбірлерінің көнелік сипаты олардан өрбіген сөздердің бүгінде негізінен архаизмдер қатарында екендігінен де байқалады. Олардан жасалған туынды етістіктер мен сын есімдер «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» (11-том) енгізілген: **Мосқал** — *Біраз жасқа келіп егде тартқан жасамыс, қартамыс*. Қарт сұлтандар, ел ағасы *м о с қ а л* билер, көбі жасамыс түменбегі батырлар — ұзын саны қырық қаралы адам жеке бас қосты (М. Мағауин). **Мосқал тартты**. *Қартамыс болды, қартайды*. **Мосқалдану** — *Жасы келіп егде тарту, қартаю*. Гүлнар жасына жетпей *м о с қ а л д а н ғ а н*, мінезі салмақты, аузы сараң кісі еді (С. Мұқанов). **Мосқалдау** *Мосқал тартқан, жасамыстау*. Есікке таман *мосқалдау*, бір бөтен әйел отыр (Ғ. Мүсірепов). **Мосқалдық** *Жасамыстық, егделік, қартамыстық*. Толған мүсінінде ғана сәл *м о с қ а л д ы қ* сезіледі (С. Жүнісов). *М о с қ а л д ы қ т ы ң* күнбе-күн мысы басып, жастық шіркін суалар сұсы қашып (И. Оразбаев) [32].

М//С және **С//М** дыбыстарының негізінде жасалған келесі сөз «мыстың» көнелігі соншалық, ол қазіргі сөзжұмсамда дербес қолданылмайды, тек **мысы басу, мысы құрыды** сияқты тұрақты тіркестер құрамында жұмсалады: **Мысы** — *Бір нәрсенің сесі, ызғары*. Келініне алысқа құлаш серметкізіп, асылық сөйлеткен осы бес жүз сомның *м ы с ы* екенін кемпір енді білді (С. Досымов). **Мысы басты [жеңді]**. *Сесі жеңді, ығыстырды, ықтырды*. Үлкен қарақат көздері қолға түскен құралайдың көзіндей жаудыраған, жаңа қыз болып қалыптасып келе жатқан сұңғақ бойлы жас сұлудың *м ы с ы ж е ң д і* (І. Есенберлин). **Мысы құрыды**. *Амалы қалмады, болдырды*. Қор болды батыр Қодар *м ы с ы* құрып, Суға кетіп қалсын ба қарап тұрып (Батырлар жыры).

Мысын басты. *Кеудесін басты, бетін қайтарды*. Әйтсе де екі мықты — кәрі арыстан мен жаралы жас жолбарыс бірінің *мысын* бірі *баса* алмады (С. Досымов).

Мысын шығарды. *Бетін қайтарды, тас-талқан етті*. *Шығарармын мысыңды*, Ақымақтықпен білмедің, Айналдырар кісінді (Қашаған Күржіманұлы) [32].

М//С және **С//М** дыбыстарының негізінде жасалған **мас-** түбірінің мағынасы қазіргі тіл ұстанушыға жақсы таныс: **Мас 1**. *Спиртті ішімдікті көп ішу салдарынан басы айналып, естен айырылған*. О, Барақ жас, Барақ жас! Жегенге тоқ, ішсең *м а с*. Жақсы болса ұлығы Өз елін жаудай таламас (Дулат Бабатайұлы). **2**. ауыспалы мағынасы — *Құштар, ынтық*. Күн батып жоғалды, Нұрыңнан ұялып, Жұлдыз бен Ай қалды, Сәулеңнен нәр алып, Жетіқарақшы айналып сені іздеп жүр, Бәрі де сені ойлап, *м а с* болып саналып (Ш. Құдайбердиев). **3**. ауыспалы мағынасы — *Ақылсыз, парықсыз*. Өңкей асау, *м а с* халық, бәрін бойдан қашырған. Көп наданнан жасқанып, Сорлық елге бас ұрған (Ш. Құдайбердиев). **4**. ауыспалы мағынасы — *Елірген, есірген, дандайсыған*. Берекеге қас болса, Желіктірген айтаққа, Арақ ішпей *м а с* болса (Абай). **3**. *Албырт жастық*. Есінде бар ма жас күнің, Көкірегің толық, басың бос. Қайғысыз, ойсыз, *м а с* күнің? Кімді көрсең бәрі дос (Абай).

Ішкен мас, жеген тоқ. *Ойсыз, алаңсыз, бихабар; Бақытына мас болды. Бақытына дандайсыды, кеудесін керді; Көңілі мас. Дандайсыған, көкірегің керген; Қайратына мас болды. Күшіне сенді*. Өркімменен қас болып, *Қ а й р а т ы н а м а с б о л ы п*, Менменсіген ер жігіт — Талайды сүйтіп басынған (Базар жырау); **Қошеметке мас болды**. *Қадір-құрметке бөленді, марапатталды*.

Мас болған, масайған адам қымыз немесе спиртті ішімдік әсері денесіне жайылғандықтан, денесі дел-сал болып, тұла бойын, тұтастай денесін игере алмайтыны белгілі. Төмендегі мысалдардан тағы да *с//м, м//с* дыбыс алмасуында сақталған *тұтас дене, бүкіл тәнге* қатысты архисеманың өзектелгенін көреміз.

Мас болды. *Қымыз, арақ, шарап т.б. ішіп басы айналып, есінен айырылды*. Арақ ішкен, *мас болған* жұрттың бәрі, Не пайда, не залалды біле алмай жүр (Абай). *ә) Махаббат, құштарлық сезіміне*

бөленді. Иығы тиісіп, Төмендеп көздері, Үндемей сүйісіп *мас болып* өздері (Абай). б) *Дандайсыды, елірді*. Бойы балқып *м а с б о л д ы*, Қызулы шәрбат ішкендей (Ә. Найманбаев). **Мас қылды [етті]**. а) *Ішімдік беріп, еліртті*. ә) *Ақылынан айырды, дандайсытты*. Жаратқан Құдай жан екен Аузын сөзге *м а с қ ы л ы п*. Жылдан-жылға барады Қайталаған кезектей, Пәлесі мұның асқынып (Кердері Әбубәкір). **Удай мас**. *Ес-түсін білмейтін, жығыла мас*. **Ішпей-жемей мас**. *Риза, көңілі көтеріңкі*. **Мастану 1**. *Мас болу, ақыл-есінен айырылғандай болу, ләззатқа бату*. **2**. *Көкірек керу, менменсу, дандайсу*. Ауылдың малға *м а с т а н ғ а н* мұрындықсыз желбастары ғана Ахметтің зеректігін көре алмай күндеп, іштері жарылып кете жаздаушы еді (С. Торайғыров).

Мастық 1. *Арақ-шарап сияқты сусын ішіп мас болушылық, қызулық*. Жастық жалынсам және келер ме, *Мастық* денеме қызу берер ме? Суынған тұла бой (Ш. Құдайбердиев). **2**. *Табысқа, жақсы өмірге, қарны тоқтыққа қамсыздыққа т.б. бас айналушылық, дандайсушылық*. **Көңіл мастық**. *Масаттанушылық, астамшылық, дандайсушылыққа салынған көңіл* [32].

М//С және *С//М* дыбыстарының негізінде жасалған *Сұм-//сұм-* көне түбірлерінен өрбіген **Сұмырай** сөзі де адамның сырт келбетіне қатысты *азып-тозу, шаршап-шалдығу* мағынасын білдіретін *сұмырайдай болу, сұмырайы шығып кеткен* фразеологизмдерінің құрамында сақталған. Тілімізде дәл осындай жағымсыз мәнде жұмсалатын *Сүмелек: сүмелегі шығып кеткен; сүмірейген, сүмеңдеген, сүмең-сүмең еткен, сүмелеңдеген сорлы* т.б. тұрақты тіркестер де бар екені мәлім. «Диалектологиялық сөздікте» «Сүмсік — *сүмірейген, сүмсиген адам*» және «Сүмсір (Орал, Жән., Орда). *Жексұрын, сүмелек*. Ол сүмсір адам» деген мысалдар берілген [33; 600].

Сүмелек сөзінің мағынасына келсек, ол тілімізге парсы тілінен енген кірме сөз деп саналады. Зерттеуші Г. Мамырбекова құрастырған «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» «сүмәләк сөзі — ұннан жасалатын быламық тәрізді тағам» деген мәлімет берілген [34; 519]. Сондай-ақ *сүмелек* сөзі аймақтық лексикада *сүңгі* (шатырдан аққан судың ұзын мұз болып қатуы) мағынасында да жұмсалады. Осы тұста *сүңгі* синкретизмі (зат есім/ етістік) мен *сүмелек* (*сүңгі* мағынасында) сөзінің арасындағы семантикалық байланыс қылаң береді, себебі *сүмелектің* бір мағынасы — қоймалжың тағамды (ағып үлгермей семіп қалатыны ұқсатылуы мүмкін) білдірсе, тағамның осындай қоймалжың қасиеті *ынжық адамның ыбылжыған мінезімен* ұқсастырылуы да — әбден мүмкін. Бұған *сүметілу* сөзінің мағыналық шеңберіндегі «суға малшыну», «былжырау» семаларын қоссаңыз, тағы да *адамның тұла бойына, дене тұрқына және ішкі әлемін* бейнелейтін эмоционалдық күйіне қатысты ұғымдар шығады.

«Диалектологиялық сөздікте» жоғарыда келтірілген тілдік бірліктерге қатысты мынадай деректер бар: «**Сом** (Орал, Қара.) адамның етті жеріне шығатын ісік, жара. Мойнына *сом* шығып, сәні кеткен жігіттің ((Орал, Қара.) [33; 589]. **Сүмек** (Гур., Есб.) ұзын, биік Айдыңғали екі иығына екі кісі мінгендей, сүмектеу қара жігіт болатұғын (Гур., Есб.) [33; 599].

Сүмелек 1. (Орал, Қара.: Қарақ.) **еріген қар не мұз суының салбырай қатуы**. Әйнектің *сүмелегін* қағып түсіретін шақтар келеді (Х. Есенжанов) (Орал, Қара.: Қарақ.). **Сүмелек 2**. 1 (Қарақ.) көктемде арпа, бидай т.б. қайнатып жасайтын көже. 2. (Ауған, Иран) діни мерекелер қарсаңында бидайды ұзақ уақыт қайтанып даярлайтын тағам түрі [33; 599]. Еліміздің батыс аймағында аталмыш сөздің жағымды мәнде де қолданылатынын мына мысалдан көруге болады: «**Сүмелектеу** — *мәуелеу*. Жиде ағашының жидесі күзде *сүмелектеп* тамаша боп кетеді (Гур. Маңғ.) [33; 599]. Сондай-ақ Қытай қазақтарының «суайт, жексұрын, жамандықпен аты шыққан кісіні» Сүркөй дейтіні де осы сөздікте айтылған [33; 601].

Диахронды тұрғыдан алғанда, аталған екі дыбыстың (**с**, **м**) қатысуымен жасалғаны анық болғанымен, синхронды тұрғыда олардың бірінің сақталмауы — қалыпты жағдай, мұны үнемдеу заңы сияқты таза лингвистикалық құбылыс ретінде түсіндіруге болады. Мысалы, қазіргі фразеологиялық қорымызда кездесетін *мерт болу* тұрақты тіркесі білдіретін «өлім» мағынасы, яғни *тәннің/ағзаның тірі болу, әрекет ету, қимылдау, қозғалу* т.б. с.с. биологиялық және физиологиялық функцияларын доғаруын білдіретін «өлу» семантикасы орыс тіліндегі *смерть, мёртвый/мёртв, насмерть* сөздерінде сақталған. Бұл — тіл дамуының аса ежелгі дәуірінде қатар қолданылған **с**, **м** дыбыстарының қатысуымен жасалған көптеген сөздердің қазіргі кезде жүйесі басқа, генетикалық байланысы жоқ тілдерде кездесетін нақты бір мысалы.

Тілімізде әлі күнге дейін белсенді жұмсалатын, *судың, ылғалдың жетіспеушілігінен болатын құрғау* процесінің нәтижесін білдіретін «**қатып-семіп қалу**» фразеологизмінің құрамындағы «**сему**» сөзінің этимологиясы да осы аса ежелгі «**сом/сома**» түбірінің семантикалық аясында ашылады. Яғни

сусыз, нәрсіз, азықсыз қалғандықтан *тәннің біртіндеп құрғауы, икемге келмей қақайып/қатып/семіп қалуы*.

Тіліміздегі *сам/сом/сұм* және *сем, сұм* түбірлерінің түркі тілдерінде кеңінен таралған сингармониялық варианттар мен параллельдер құбылысына мысал бола алатынын көреміз. Аталған сөздердің түбірлес екенін білдіретін *с* және *м* дыбыстарының тіркесі екені анық. Олар бірде *см*, бірде *мс* түрінде келіп, бірнеше мағынада жұмсала алатын сөздердің жасалуына негіз болған.

Тіліміздегі «бұлшық етті сүйекке байланыстырып тұратын созылмалы, мықты талшық» мағынасын білдіретін *тарамыс* сөзі мен одан жасалған *тарамыстай денесі* тұрақты теңеуі де осы фразеосемантикалық өріске жатады. Сондай-ақ қазіргі қазақ тілінде *тарамыс* сөзі «теріден, көннен, былғарыдан жасалған бұйымдарды тігетін, ірі қараның сіңірінен алынған берік жіп-таспа» деген мағынада жұмсалады [23; 729]. Тілімізде осы сөздің қатысуымен жасалған *тарамыс денелі* тіркесінің «*жүдеу, арық, тырысқақ, төзімді, мықты*» адам деген мағыналарда қолданылатыны белгілі. Сондай-ақ қазіргі кезде тілдік ұжым мүшелерінің басым бөлігі мағынасын түсіне бермейтін «*Тарамысына іліну*» фразеологизмі *әбден қартайғандықтан еті қашып, ерекше арықтап кеткен* немесе *ауыр науқасдан қатты жүдеп, құр сұлдері қалған* кісіге қатысты қолданылады: *Тарамысына ілініп* отырған өлмелі кемпір-шалдарға дейін ояз кеңсесіне қарай ағыла бастады (Ә. Әбішев) [23; 730].

Осы айтылғандарды қорытындылай келгенде, тіліміздегі *адамның толуына, малдың денесіне май жинауына /қоң жинау/* қатысты жұмсалатын *семіру* етістігі мен сол процестің нәтижесін білдіретін *семіз* есім сөзінің де түп тәркіні *сем-* аса ежелгі «*сом/сома*» түбіріне барып тірелетіні анық және ол диахронды тұрғыдан алғанда қалыпты жағдай, тілдің табиғи эволюциясын көрсететін жайт.

Тілімізде *тәннің дамылдау, демалу, ағзаның тынышталу күйін*, соның нәтижесінде болатын *рахаттану сезімін* білдіретін, «*маза*» сөзінің қатысуымен жасалған *мазасын алу, мазасы қашу, мазасы кету* сияқты беймаза күйді, *мазасыздануды* білдіретін фразеологизмдердің де семантикасы *м, с* дауыссыз дыбыстарынан тұратын «*сом//сома*» түбірінен өрбіген. Тек бұл жердегі «*маза*» сөзінің құрамындағы «*з*» дыбысы ежелгі қатаң «*с*» дыбысының ұяңдануы нәтижесінде пайда болғанын атап айту керек. Сондай-ақ жоғарыда мысалға келтірілген «*мас болу//масаю*» тұрақты тіркесінің де мағынасы *тәннің босаңсыған күйін (қымыз не спиртті ішімдік әсерінен) рахаттану сезімін* білдіретінін ескерген жөн.

Тарихи тұрғыдан алғанда *с//ш* дыбыс алмасуы — түркі тілдерінде кеңінен таралған құбылыс. Сондықтан қазіргі тілімізде сирек жұмсалатын «*шом*» түбірі мен аса ежелгі «*сом*» түбірі дәуірлес деуге болады. Түбір неғұрлым көне болса, одан өрбіген сөздердің сыртқы дыбыстық кейпі де соғұрлым қаттырақ өзгеріске түсетіні және мағыналық шеңбері де кеңірек болатыны аян. Бұл жерде «*шом*» түбірінен өрбіген адамның дене бітімін суреттейтін *шом-бал, шом-ыр, шым-ыр* сияқты есім сөздерді немесе жалпы ағзада болатын физиологиялық және эмоционалдық жайсыз күйлерді сипаттайтын *шымбай: шымбайына батты, шым-шым етті* сияқты тұрақты тіркестерді еске түсіруге болады.

Шомбал — сын. Ірі, үлкен, кесек. **Шомбал жігіт:** денелі, төртбақ келген, мығым жігіт.

Шомбал жігіт кіріп келді ентелеп, — Әке,— деді ол кірген бойда, — Әке,— деді еркелеп — Жүруші едің маған ылғи өкпелі, Кеюші едің мал болмайсың деп мені (М. Шаханов).

Қазақ әдеби тілі сөздігінің 13-томында **сомбал** сөзінің мағынасы «*тиеуге ыңғайлап, қысқалап кескен жуан бөрене*» екені айтылып, оған «*Жігіт ауыры — шомбал, ағаш ауыры — сомбал*» деген мақал мысалға келтірілген [23; 266]. Бұл паремиядағы **шомбал** және **сомбал** сөздерінің фонетикалық ұқсастығынан бөлек, «*ірі, үлкен, кесек*» семалары және солармен тығыз байланысты «*ауыр*» семасы арқылы бір фразеосемантикалық өрісте болатыны — дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

«Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» **СО: М** түбірінің көптеген түркі тілдеріне ортақ екені айтылып, оның бірнеше тілдегі дыбыстық нұсқалары: түрік, құмық, қырғыз, қазақ, қарақалпақ тілдерінде және өзбек тілінің диалектісінде — **сом**, татар тілінде — **сум**, башқұрт диалектісінде — **хум** түрінде келтірілген.

Түрлі металл атауларымен тіркесе келіп, «*таза*», «*қоспасыз*», «*кесек*», «*бүтін*», «*тұтас*» деген мағыналарды білдіретіні көрсетілген: **сом алтын** // *таза*, табиғи күйдегі алтын, **сом күмүш** — өңделмеген күміс, **сом тамір** — қатты, мықты, кесек темір. Сондай-ақ **сом ағач** — «*сом ағаш*» тұтас, тегістелген ағаш мағынасын білдіреді екен.

Құмық тілінде **сом ет** деп «*малдың сан еті /тұтас, бөлінбеген/ мүшесі*», қырғыз тілінде **сом ет** 'туша', татарша **сум ит** нұсқасында айтылады екен.

Сом йигит — қырғыз тілінде «**сом жигит**» «мығым денелі, сымбатты жігіт», салыстырыңыз: **сомодой жигит** — «алпамсадай, алып денелі жігіт», өзбек тілінің диалектісінде «**сом йийит** — сымбатты, сымдай тартылған, келісті бозбала) [34; 327].

Түркі тілдерінен келтірілген мысалдардан **сом** түбірінің аса ежелгі тұлға екені және олардың барлығына ортақ семантика «тұтастық, бүтіндік, кесектік; ірілік; тазалық, салмақтылық» семаларынан тұратыны анық көрінеді [34; 326]. Осы мағыналардың барлығы қазіргі қазақ фразеологиялық, паремиологиялық қорында кездесетіні тіліміздің тарихын мыңжылдықтарға тереңдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ойрат, телеут тілдерінде **сом** □ **сома** тұлғасы көпқұдайшылық кезеңінде қолдан жасалған «құдай бейнелерінің құрметіне қойылған, ақ қайыңнан жасалған киелі мүсіндер» деген ұғымды да білдіретіні (**сом** 'березки, расставленные в честь божества'; сюда же тел. **сомо** 'священные 'березки, приставленные к жилищу теленгута-язычника') [34; 329] назар аударуға тұрарлық жайт. **Сом** ежелгі түбірінің мағыналық шеңберінде сақталған бұл сема келешекте арнайы зерттеуді қажет етеді.

Якут тілі мен диалектілеріндегі тірі табиғатқа қатысты сөздердің шығу тегін ономазиология және этимология тұрғысынан зерттеген Н.В. Малышеваның диссертациясында берілген зоонимдер мен орнитонимдерге қатысты сын есімдер арасынан «сом» ежелгі түбірімен сабақтас бірнеше мысал кездестірдік. Солардың бірі қазақ тіліндегі «сомадай» теңеуінің семантикалық аясына кіретін «*ірі, қапсағай денелі*» тіркесінде жұмсалатын «*қапсағай*» сөзінің саха тіліндегі баламасы — *хаптабай* сөзі.

Зерттеуші дене тұрқы ерекше жалпақ болып келетін балықтың саха тіліндегі атауы «*хаптабай* 'плоский' – *хаптабай балык* 'камбала'» екенін көрсетеді [35; 200]. Сондай-ақ аталмыш сын есімнің аздаған дыбыстық өзгеріспен зиянкес жәндік атауы ретінде бірнеше вариантта жұмсалатынын осы еңбекте келтірілген мынадай мысалдардан байқауға болады: «*хаптаанай, халтаанньыйа, халтааннья, халтабай* 'постельный клоп', *халтабай былахы* 'постельный клоп' (букв. плоский + блоха) [35; 200].

Бұдан бөлек, Н.В. Малышеваның еңбегінде қазақ тіліндегі «мес қарын» фразеологизмінің құрамында кездесетін «мес» сөзімен түбірлес «**масхай**» сөзі және оның тарихи фонетикалық варианты «**бысхай**» мысалға келтірілген: «Образные глаголы (маттай 'быть пухленьким, кругленьким', **масхай** 'быть очень полным, пузатым', молодой 'быть, казаться гладким, полным, выпуклым, продолговатым (о лице)', мотой 'быть, казаться полноватым, округлым, с выпуклой грудью', мөлбөй 'казаться округлым, мягким и крупным', ... ынай 'вздвухаться, выпячиваться (о брюхе), пузатый', **бысхай** 'быть, казаться полным (о человеке)» [35; 225].

Әлем тілдеріндегі базалық лексиканы құрайтын сөздердің басым бөлігі түркі халықтарынан ерте бөлінген сахалардың тілінде едәуір өзгеріске ұшырағаны мәлім. Сондай ерекшеліктің бірі — қыпшақ, оғыз, қарлұқ топтарына жататын тілдерде сөз басында жұмсалатын дауыссыз дыбыстардың якут тілінде элизияға ұшырауы. Осыған байланысты, Н.В. Малышеваның еңбегінде «семіз құсты» сипаттайтын «*эмис чирит*» тіркесін атауға болады: 'кулик' (букв. толстый + кулик), *эмис чырып* 'кулик' (букв. толстый + кулик) [35; 200].

Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдардың қазақ тіл білімі мен жалпы түркітану саласында диахронды бағытта жүргізілетін ізденістер үшін маңызы зор.

Түркі тілдерінде жаңа сөз тудыру және мағына ажырату қызметін атқаратын консонанттық жүйеге этимологиялық зерттеу жүргізу барысында да басымдық берілгені жөн. Тіл дамуының ежелгі дәуіріндегі ең көне түбірлердің құрамында *дауыссыз дыбыстар* жетекші орында тұрып, басты рөл атқарғаны, ал дауыстылар сол негізгі дауыссыздардың ыңғайына қарай қосылып, сөзге жаңа мағына беретіні, қосымша мән үстейтіні, тіпті жаңа сөз түзетіні «**с~ш**» және «**ш~с**» дыбыс алмасулары арқылы пайда болып, дербес сөз ретінде қалыптасқан лексемалар мысалында нақты дәлелденді.

Бұл жерде айта кететін нәрсе, аталмыш сәйкестіктерге мысалдарды түркі тілдерінің бәрінен бірдей дәл осы күйінде табу мүмкін емес, дегенмен зерттеу барысында осындай талпыныс жасалды. Нәтижесінде жиналған деректерді мынадай кесте түрінде ықшамдап беруді жөн санадық (1-кесте):

Ежелгі «сом» түбірінен өрбіген сөздердің қазақ тіліндегі дыбыстық нұсқалары және мағыналық өзгерістері

Қазақ тілінде	Фразеологиялық бірлік құрамындағы мағынасы	Мақал-мәтел құрамында сақталған сөздер	Дыбыс алмасуы, сәйкестігі
1	2	3	4
Сом Сома Сомадай	<i>Сом денелі</i> — ірі денелі <i>Сомдап соқты</i> — тұтас құйды. <i>Сомадай</i> [дардай, соқтадай, соқталдай, еңгезердей] <i>жігіт</i> — Ірі, қапсағай денелі бозбала.		
Сомбал/шомбал Сомбал — «тиеуге ыңғайлап, қысқалап кескен жуан бөрене» Шомбал — сын. Ірі, үлкен, кесек.	<i>Шомбал жігіт</i> — денелі, төртбақ келген, мығым жігіт.	«Жігіт ауыры — <i>шомбал</i> , ағаш ауыры — <i>сомбал</i> »	С~ш
Сем Сем: <i>Семір/семіз</i> сөздерінің түбіріндегі — малдың, құстың т.б. қоң жинауы, денесі майлануы семалары; Адамға қатысты жағымсыз мәндегі экспрессивті қолданыс: адам денесінің толысып, шектен тыс толуы (май басуы).		Өлеңді жерде өгіз <i>семіреді</i> , Өлімді жерде молда <i>семіреді</i> — мұндағы «өлең» сөзі қара мал ғана жейтін, жайылып өсетін жұмсақ шөпті білдіреді, яғни «шөбі мол жерде жайылған мал тезірек оңалады, ал өлім-жітім көп болған жерде молданың жұмысы көбейеді әрі байиды» деген мәнде дін мен қожа-молдаларға деген теріс көзқарас басым болған кезде пайда болған мақал. <i>Семіздікті</i> қой ғана көтереді — байлықты, мансапты әркім көтере бермейді, ақыл-парасаты, білімі, иманы күшті адам болмаса, дандайсып кетуі, қателіктер жасауы мүмкін деген мағынаны білдіреді.	О~е
2) <i>Сему</i> етістігінің түбірі ретінде — майсыз, сусыз, нәрсіз, азықсыз қалғандықтан, тәннің біртіндеп құрғауы, икемге келмей қақайып, қатып, семіп қалуы; Ылғалсыз қалу, құрғау, кебу, қату семалары.	<i>Семіп қалу</i> — қатты құрғап, кеуіп қалу; <i>Қатып-семіп қалу</i> — өте арық, азып кеткен адам туралы.		
Сұм	<i>сұмырайдай болу, сұмырайы шығып кеткен</i> — азып-тозу, шаршап-шалдығу.		О~ұ

1-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
Сүм	1) <i>Сүмектеу</i> — кара жігіт — ұзын бойлы; 2) <i>Сүмелектеу</i> — мәуелеу; 3) <i>Сүмсік</i> — сүмірейген, сүмсиген адам; 4) <i>Сүмсір</i> — жерг. Жексұрын, сүмелек.		О~ұ~ү
Сым Сымдай Сымбат: сымбатты	<i>Сымдай тартылған</i> — түп-түзу, оқтай. Сымбатты: дене бітімі келіскен, жарасымды, сұлу.		О~ы
Сом//шом Шом: <i>Шомбал</i> <i>Шомыр</i>	Шом: Ірі, үлкен, кесек. <i>Шомбал//Шомыр</i> : ірі денелі, мығым, еңгезердей.		С~ш О~ы С~ш~м
Шым: <i>Шымбай</i>	<i>Шымбайына батты</i> — <i>жанына батты, намысына тиді т.б.</i>		С~ш О~ы
Шымыр	<i>Шымыр</i> — шыныққан, мығым, мықты. Шымыр бала. Шынықсаң, шымыр боласың.		а~о~ы
Шым: <i>шым-шым етті</i> <i>шым ете қалды</i>	<i>шым-шым етті</i> — адамның жайсыз күйін сипаттайтын тұрақты тіркес: жүрегі <i>шым-шым етіп</i> ауырды. <i>шым ете қалды</i> — жүрегіне ине сұғып алғандай ауыру, қатты ауырсыну сезімі.		С~ш О~ы
Мос: Мосқал <i>Біраз жасқа келіп егде тартқан жасамыс, қартамыс,</i> Мосқалдану — <i>Жасы келіп егде тарту, қартаю.</i> Мосқалдау — <i>Мосқал тартқан, жасамыстау.</i> Мосқалдық — <i>Жасамыстық, егделік, қартамыстық.</i>	Мосқал тартты. <i>Қартамыс болды, қартайды.</i>		М~С
Мас	Мас болды. <i>Қымыз, арақ, шарап т.б. ішіп басы айналып, есінен айырылды</i>		М~С а~о
Мыс(ы) <i>мысы басу</i>	Мысы басты [жеңді]. <i>Сесі жеңді, ығыстырды, ықтырды.</i>		М~С а~о~ы
Мысы құрыды	<i>Амалы қалмады, болдырды.</i> Қор болды батыр Қодар <i>мысы құрып</i> , Суға кетіп қалсын ба қарап тұрып (Батырлар жыры)		М~С а~о~ы

Зерттеу жүргізу барысында «сом» ежелгі түбірінің қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында кездесетіні анықталды. «Сом» түбірі ежелден түркі халықтарының тілдерінде денеге қатысты атаулар мен адам ағзасында болатын түрлі табиғи күй-қалыпты білдіретін физиологиялық ұғымдарды білдіруде қолданылып, әр тілдің фонетикалық және семантикалық жүйесіне сәйкес түрлі өзгерістерге

ұшыраған. Мұндай түбірлердің сақталуы мен өзгерісі түркі тілдерінің ішкі байланыстарын ғана емес, сонымен қатар олардың тарихи эволюциясы мен аумақтық бөлінісінің динамикасын түсінуге де мүмкіндік береді. Нәтижесін төмендегі кестеден көруге болады (2-кесте):

2 - кесте :

Ежелгі «сом» түбірінен өрбіген сөздердің түркі тілдеріндегі дыбыстық нұсқалары

Р /с	Қазақ	Ққалп.	Ноғай	Қырғыз	Түрік	Өзбек	Татар	Якут	Дыбыс алмасуы, сәйкестігі
1	Сом Сома Сомадай	сом	сом	Сом сомодой	som	сом	сум	сом	О~у
2	Сем Сем- Семір// семіз	семіз	семіз	семіз	semiz	semiz	simez	эмис	О~е 0~э
4	сұм	сұм	сұм	сум	-	сум	сум	сум	О~ү
5	сұм	сұм	сұм	сұм	sum	сум	сөм	сұм	О~ү~ү
6	сым	сым	сым	сым	-	sim	сым	сым	О~ы
7	шом	шом	шом	шом	şom	шом	шом	шом	С~ш
8	шым	шым	шым	шым	şim	-	шым	шым	О~ы

Қорытынды

Түп бастауын алтай дәуірінен алады деп саналатын түркі тілдерінің бірнеше мыңжылдық даму тарихында аса ежелгі түбірлердің көптеген дыбыстық өзгерістерге ұшырауы — заңдылық. Тілдердің сандаған ғасырлық даму барысында орын алатын ондай дыбыстық өзгерістер біртіндеп мағыналық өзгерістерге алып келуі — табиғи құбылыс.

Бұл құбылыс барлық тілдерде бірдей дәрежеде болмайды, түрлі әлеуметтік, тарихи т.б. факторлардың әсерімен әр тілде әртүрлі дәрежеде көрініс табады деп тұжырым жасауға болады.

Аса ежелгі «сом» түбірінен өрбіген сөздердің барлық тілдегі нұсқаларын бір мақала көлемінде қамту мүмкін емес, сондықтан алдағы уақытта осы бағытта тарихи-салыстырмалы зерттеулерді кешенді түрде жүргізу керек.

Қазіргі социумның аялық білімі мен сөзжұмсамдық ерекшеліктеріне сәйкес, тіліміздегі аса ежелгі «сом//шом» түбірлерінен өрбіген сөздердің қолданылу шеңбері біртіндеп тарылуда, бұл, өз кезегінде, олардың мағынасының ұмытылуына, сөйтіп тарихи жадымыздың көмескіленуіне әкелуі ықтимал. Мұны бүгінгі тіл ұстанушылардың бір бөлігі «сом//шом» түбірлерінен өрбіген сөздердің лексикалық мағынасын түсінбейтіндігінен көруге болады. Фразеологиялық мағынасын түсінбейтін және түсіндіріп бере алмайтын болғандықтан, жастар «сом денелі, шомбал, шымыр» сөздерін мүлдем қолданбайды, оның орнына орыс сөздерін қолданады.

Сондай-ақ «сом» сөзін естігенде жастардың ойына бірден «ақша», «қырғыз валютасы», «өзбек ақшасы» деген ассоциациялардың келуі және басқа нұсқаларды есіне түсіре алмауы да көп жайтты аңғартады. Бұл — жастардың ғана емес, жалпы қазақ қоғамының ұжымдық тарихи жадының көмескіленіп бара жатқанын көрсететін, ұлт болашағы үшін белгілі бір дәрежеде қауіпті үрдіс. Олай дейтін себебіміз, тіл тарихы — ел тарихы, ана тілін білмейтін, күнделікті қатысымда қолданбайтын ұрпақ сандаған ғасырлық тарихи тамырымыздан түбінде бір қол үзетіні күмәнсіз. Жаһандану дәуірінде өмір сүріп отырған буын ретінде жауапкершілікті мойнымызға алып, ұлттық рухани құндылықтар жүйесімен бірге этникалық сарасанамызды сақтап қалуға атсалысуымыз керек. Ал мұның ұтымды жолдарының бір — ана тіліміздің байырғы сөздік қорын зерттеу, ондағы көнерген сөздердің мағынасын ашып, көпшілікке насихаттау және күнделікті қатысымдағы қолданылу жиілігін арттыру. Осылайша диахронды тіл білімінің шеңберіне жататын этимологиялық ізденістер синхронды лингвистиканың да зерттеу нысанына айналады.

Жоғарыда келтірілген тілдік деректерге жүргізілген этимологиялық және фразеосемантикалық талдау нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасауға болады. Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер құрамында сақталған *сом//шом* сияқты ежелгі түбірлерден таралған соматикалық фразеоматикалық, фразеологиялық тіркестер мен тұрақты теңеулер біржолата ұмытылмай тұрғанда, олардың шығу

төркінін анықтап, бастапқы мағынасын ашып түсіндіру, көпшілікке таныстырып, насихаттау арқылы қазіргі тілдік ұжым мүшелерінің кеңінен пайдалануына ықпал етуіміз керек. Ол үшін архаикалық фразеологиялық бірліктер мен олардың құрамында кездесетін ежелгі түбірлердің түрлі дыбыстық нұсқаларын, семантикалық ерекшеліктерін өзге түркі тілдерінің деректерімен салыстыра зерттеу және генетикалық байланысы жоқ, жүйесі басқа тілдердегі баламаларымен салғастыра зерделеудің жалпы диахронды тіл білімін, оның ішінде этимология, түркітану салаларын тереңдете дамытуға қосар үлесі зор болмақ. Осымен байланысты, келешекте жас ғалымдар мен ізденушілерді тарихи этимологиялық зерттеулерге көптеп тарту мәселесі де өзекті.

Соматизмдер дүние жүзіндегі тілдердің баршасына ортақ сөздік қорға жататын байырғы лексикалық қабатты құрайтындықтан, жалпы ұлттық фразеологиялық, паремиологиялық қорымызда көп кездесетін дене мүшелері атауларына қатысты тұрақты бірліктердің генезисін, мағыналық шеңбері мен прагматикалық ерекшеліктерін тарихи жазба ескерткіштердегі, әсіресе, орта ғасырларда жарық көрген әдеби шығармаларда кездесетін нұсқаларымен салыстыра отырып, ғылым дамуының қазіргі кезеңінде басымдық беріліп отырған антропоэзекті парадигмада арнайы зерттеу қажет. Бұлайша зерттеу түркітану мен алтаистика шеңберіндегі жаңаша ізденістерге жол ашады.

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19678010).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика / Ұжымдық монография. — Алматы, 2013. — 1 том, 1 кітап. — 235 б.
- 2 Зиндер Л.Р. Общая фонетика и избранные статьи: учебное пособие для студ. филол. фак. высш. учеб. заведений / Л.Р. Зиндер. — М.: Академия, 2007. — 576 с.
- 3 Сағындықұлы Б. Көптік жалғауларының жаңадан ашылған этимологиясы [Электронды ресурс] / Б. Сағындықұлы. — Қол жеткізу режимі: <https://drive.google.com/file/d/1BckPaFIY0dQmg1znYFVt5DeYKNbDGFd/view?usp=sharing> (<https://drive.google.com/file/d/1BckPaFIY0dQmg1znYFVt5DeYKNbDGFd/view?usp=sharing>)
- 4 Сағындықұлы Б. Түркі тілдеріндегі барыс септігі жалғауларының жаңа этимологиясы / Б. Сағындықұлы, Б.Р. Құлжанова. // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. — 2017. — № 2 (166). — Б. 219-224.
- 5 Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік / І. Кеңесбаев. — Алматы: Арыс, 2007. — 800 б.
- 6 Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы / Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев. — Алматы, 2006. — 264 б.
- 7 Сәтенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты / С.К. Сәтенова. — Алматы, 1997.
- 8 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері / Г. Смағұлова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 195 б.
- 9 Авакова Р.А. Фразеология теориясы / Р.А. Авакова. — Алматы: Қазақ университеті, 2009. — 294 б.
- 10 Сағидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және моңғол тілдері материалдары бойынша) / Г. Сағидолда. — Алматы, 2004.
- 11 Жұбатова Б.Н. Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер. / Б.Н. Жұбатова. — 2-басылым. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 314 б.
- 12 Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы (қыпшақ тобындағы тілдердің материалы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дисс. / Қ.С. Қалыбаева. — Алматы, 2010. — 314 б.
- 13 Фразеологизированные термины в системе русского и казахского языков. // Russkoe slovo v mirovoj kul'ture: Russkij jazyk i russkaja rech' segodnja: staroe-novoe-zaimstvovannoe. — 2003. — Т. 6. — 349 с. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://scholar.google.com/citations?view_op=view_citation&hl=ru&user=ESYaMwAAAAJ&cstart=20&pagesize=80&citation_for_view=ESYaMwAAAAJ:UebtZRa9Y70C (https://scholar.google.com/citations?view_op=view_citation&hl=ru&user=ESYaMwAAAAJ&cstart=20&pagesize=80&citation_for_view=ESYaMwAAAAJ:UebtZRa9Y70C)
- 14 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография / Г. Смағұлова. — Алматы: Елтаным, 2020. — 256 б.
- 15 Авакова Р.А. Прецедентные фразеологизмы в тюркских языках: этнолингвистический аспект / Р.А. Авакова, Д.А. Андабаева. — 2015. [Электронный ресурс] — Режим доступа: <http://rmebrk.kz/journals/4200/27631.pdf#page=6> (<http://rmebrk.kz/journals/4200/27631.pdf#page=6>)
- 16 Словари и энциклопедии на Академике. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/33868/ (https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/33868/)

- 17 Большой словарь иностранных слов. — М.: Издательство «ИДДК», 2007. — 700 с.
- 18 Крысин Л.П. Толковый словарь иностранных слов / Л.П. Крысин. — М.: Русский язык, 1998. — 672 с.
- 19 Чудинов А.Н. Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка [Электронный ресурс] / А.Н. Чудинов. — 1910. — Режим доступа: <https://dic.academic.ru/searchall.php>(<https://dic.academic.ru/searchall.php>)
- 20 Попов М. Полный словарь иностранных слов, вошедших в употребление в русском языке / М. Попов. — М.: Товарищества И.Д. Сытина, 1907. — 458 с.
- 21 Михельсон А.Д. Объяснение 25000 иностранных слов, вошедших в употребление в русский язык, с означением их корней / А.Д. Михельсон. — М., 1865.
- 22 Павленков Ф. Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка / Ф. Павленков — Санкт-Петербург: Типография Ю.Н. Эрлих, 1907. — 714 с.
- 23 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Он бес томдық]. / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. — Алматы, 2011. — 13-том. С — Т. — 752 б.
- 24 sozdikqor.kz. — Электронды ресурс. — Қол жеткізу режимі: sozdikqor.kz <https://sozdikqor.kz/soz?id=164732&a=ALPAMSADAI>(<https://sozdikqor.kz/soz?id=164732&a=ALPAMSADAI>)
- 25 Сіз білесіз бе? энциклопедиясы. — [Электронды ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%BE%D0%BC%D0%B4%D0%B0%D1%83>
- 26 Саз балшыққа жан бітірген [Электронды ресурс]. // «Ана тілі» газеті. — 11.07.2013. — Қол жеткізу режимі: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/15008> (<https://anatili.kazgazeta.kz/news/15008>)
- 27 Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары / Н.Т. Сауранбаев. — Алматы: Ғылым, 1991. — 120 б.
- 28 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. — М.: Наука, 1984. — 484 с.
- 29 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы / М. Томанов. — Алматы: Мектеп, 1988. — 261 б.
- 30 Джунисбеков А. Просодика слова в казахском языке / А. Джунисбеков. — Алма-Ата, 1987. — 90 с.
- 31 Қазақ әдеби тілінің сөздігі [Мәтін]. [Он бес томдық] / Құраст. Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. — Алматы, 2011. — 11-т. М — О. — 752 б.
- 32 Диалектологиялық сөздік. — Алматы: Арыс, 2007. — 800 б.
- 33 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі / Г. Мамырбекова. — Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. — 654 б.
- 34 Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С». — М.: Восточная литература РАН, 2003. — 446 с.
- 35 Малышева Н.В. Происхождение лексики живой природы: ономазиология и этимология (якутский язык и его диалекты) / Н.В. Малышева. — Дисс. доктора филол. наук. — Москва, 2024.

Б.М. Суйеркул, А.А. Аккозов

Древнейший корень «сом»: этимология и фразеологическая семантика

В данной статье рассматривается этимология корня «сом» в казахском языке, его семантические изменения и роль во фразеологической системе. Целью исследования является выявление исторического развития корня «сом», определение его фонетических изменений в тюркских языках и фразеологические употребления. Для достижения этой цели были использованы сравнительно-исторический метод, этимологический и морфемно-компонентный анализы. Материалами исследования послужили словари казахского литературного языка, фразеологические и диалектологические сборники, исторические письменные памятники и труды по тюркологии, в результате чего была установлена семантическая эволюция корня «сом» и его место во фразеологической системе. Кроме того, проведен анализ его когнитивных и этнокультурных аспектов. Данное исследование способствует углубленному пониманию исторического развития казахской лексики и фразеологии.

Ключевые слова: соматизм, этимология, фразеологизм, семантика, слог, корень.

B.M. Suiyerkul, A.A. Akkozov

The Ancient Root “Som”: Etymology and Phraseological Semantics

This study explores the etymology of the root “som” in Kazakh language, its semantic changes, and its role in the phraseological system. The aim of the study is to determine the historical development of the root “som”, analyze its phonetic variations in Turkic languages, and examine its phraseological usage. To achieve this goal, etymological analysis, the comparative-historical method, and morphemic-component analysis were employed. The research materials include dictionaries of Kazakh literary language, phraseological and dialectological collections, historical written monuments, and Turkological studies. As a result of the study, the semantic evolution of the root “som” and its place in the phraseological system were established. Additionally,

its cognitive and ethnocultural aspects were analyzed. This research contributes to a deeper understanding of the historical development of Kazakh vocabulary and phraseology.

Keywords: somatism, etymology, phraseology, semantics, syllable, root.

References

- 1 Qazaq tilinin syǵu tarikhıy: Fonetika [History of Kazakh language: phonetics]. (2013). Ujymdyq monografiia [Collective monograph]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Zinder, L.R. (2007). *Obshchaia fonetika i izbrannye statii: uchebnoe posobie dlia studentov filologicheskogo fakulteta vysshikh uchebnykh zavedenii [General phonetics and selected articles: a textbook for students of philological faculties of higher educational institutions]*. Moscow: Akademiia [in Russian].
- 3 Saǵyndyqūly, B. Koptik jalǵaularynyń jańadan aşylǵan timologiiasy [The newly discovered etymology of the plural]. Retrieved from <https://drive.google.com/file/d/1BckPaFIY0dQgmg1znYFVt5DeYKNbDGFd/view?usp=sharing> [in Kazakh].
- 4 Saǵyndykuly, B., & Kulzhanova, B.R. (2017). Turki tilderindegi barys septigi zhalgaularynyń janga etimologiiasy [New etymology of the dative case suffix in Turkic languages]. *Qazaq Ulıtyq Universitetinin Khabarshysy — Bulletin of Kazakh National University. Philology Series*, 2(166) [in Kazakh].
- 5 Kenesbaev, I. (2007). *Frazeologiyalyq sozdik [Phraseological dictionary]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 6 Kaliev, G., & Bolganbaev, A. (2006). *Qazirgi qazaq tilining leksikologiyasi men frazeologiyasy [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language]*. Almaty [in Kazakh].
- 7 Satenova, S. K. (1997). *Qazaq tilindegi qos taǵandy frazeologizmding tildik jane poetikalıyq tabıgaty [Linguistic and poetic nature of double-meaning idioms in the Kazakh language]*. Almaty [in Kazakh].
- 8 Smagulova, G. (1998). *Maǵına tas frazeologizmdering ulıtyq-madeni aspektileri [National cultural aspects of synonymous phraseology]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 9 Avakova, R.A. (2009). *Frazeologiya teoriiasy [Theory of phraseology]*. Almaty: Qazaq Universiteti [in Kazakh].
- 10 Sagidolda, G. (2004). *Poetikalyq frazeologizmding etnomadeni mazmuny (qazaq jane monggol tilderi materialdary boıynsha) [Ethno-cultural content of poetic phraseology (based on Kazakh and Mongolian languages)]*. Almaty [in Kazakh].
- 11 Jūbatova, B.N. (2014). *Qazaq tilindegi arab, parsylyq kirme frazeologizmdar [Arabic and Persian phraseological units in the Kazakh language]*. 2nd ed. Almaty: Qazaq Universiteti [in Kazakh].
- 12 Qalybaeva, Q.S. (2010). *Salıstıymaly turki frazeologiasy (qypsaq tobyna jatatyn tilder materialdaryna negizdelgen) [Comparative Turkic phraseology (based on materials from Kipchak languages)]*. Almaty [in Kazakh].
- 13 (2003). Frazeologizirovannyye terminy v sisteme russkogo i kazakhskogo yazykov [Phraseological terms in the Russian and Kazakh languages]. *Russkoe slovo v mirovoi culture — The Russian Word in World Culture*, 6, 349. Retrieved from <http://rmebrk.kz/journals/4200/27631.pdf> [in Russian].
- 14 Smaǵūlova, G. (2020). *Qazaq frazeologiasy lingvistikalıyq paradigmalarda [Kazakh phraseology in linguistic paradigms]*. Almaty: Eltanym [in Kazakh].
- 15 Avakova, R.A., & Andabaeva, D.A. (2015). Pretsedentnye frazeologizmy v tiurkskikh yazykakh: etnolingvisticheskii aspekt [Precedent phraseological units in the Turkic languages: an ethnolinguistic aspect]. Retrieved from <http://rmebrk.kz/journals/4200/27631.pdf> [in Russian].
- 16 Slovarei i entsiklopedii na Akademike [Dictionaries and encyclopedias on Academics]. Retrieved from https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/33868 [in Russian].
- 17 (2007). Bolshoi slovar inostrannykh slov [Large Dictionary of Foreign Words]. Moscow: IDDK [in Russian].
- 18 Krysin, L.P. (1998). *Tolkovyi slovar inostrannykh slov [Explanatory Dictionary of Foreign Words]*. Moscow: Russkii yazyk [in Russian].
- 19 Chudinov, A.N. (1910). Slovar inostrannykh slov, voshedshikh v sostav russkogo yazyka [Dictionary of foreign words included in the Russian language]. Retrieved from <https://dic.academic.ru/searchall.php> [in Russian].
- 20 Popov, S. (1907). *Polnyi slovar inostrannykh slov, voshedshikh v upotreblenie v russkom yazyke [Complete dictionary of foreign words included in the Russian language]*. Moscow: Tovarishestva I.D. Sytina [in Russian].
- 21 Mikhelson, A.D. (1865). *Obiasnenie 25000 inostrannykh slov, voshedshikh v upotreblenie v russkii yazyk, s oznacheniem ikh korney [Explanation of 25000 foreign words used in the Russian language, with the meaning of their roots]*. Moscow [in Russian].
- 22 Pavlenkov, F (1907). *Slovar inostrannykh slov, voshedshikh v sostav russkogo yazyka [Dictionary of foreign words included in the Russian language]*. Saint-Petersburg: Tipografiia Yu.N. Erlikh [in Russian].
- 23 Fazylzhanova, A., Ongarbaeva, N., Gavitkhanuly, K. (Ed.). (2011). *Qazaq adebi tilining sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]*. (Vols 1-15). Vol. 13. S — T. Almaty [in Kazakh].
- 24 Sozdikqor.kz. Retrieved from <https://sozdikqor.kz/soz?id=164732&a=ALPAMSADai> [in Kazakh].
- 25 Siz bilersiz be? Entsiklopediiasy [Do you know the encyclopedia?]. Retrieved from <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%BE%D0%BC%D0%B4%D0%B0%D1%83> [in Kazakh].

- 26 Saz balshyqqa jan bitirgen [Bringing clay to life]. (2013, July 11). “Ana tili” gazetі — “Ana Tili” Newspaper. Retrieved from <https://anatili.kazgazeta.kz/news/15008>(<https://anatili.kazgazeta.kz/news/15008>) [in Kazakh].
- 27 Sauranbaev, N.T. (1991). *Qazaq til bilimining problemalary [Problems of Kazakh linguistics]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 28 (1984). *Sravnitelno-istoricheskaja grammatika tiurkskikh yazykov. Fonetika [Comparative historical grammar of the Turkic languages. Phonetics]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 29 Tomanov, M. (1988). *Qazaq tilining tarikhi grammtikasy [Historical grammar of the Kazakh language]*. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 30 Dzhunisbekov, A. (1987). *Prosodika slova v kazahskom yazyke [Word prosody in the Kazakh language]*. Alma-Ata [in Russian].
- 31 Mankeeva, Zh., Bizakov, S., Zhunisbek A. (Ed.). (2011). *Qazaq adebi tilining sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]*. (Vols. 1-15). Vol. 11. M — O. Almaty [in Kazakh].
- 32 (2007). *Dialektologialyq sozdik [Dialectological dictionary]*. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 33 Mamyrbekova, G. (2014). *Qazaq tilindegi arab, parsy sozderining tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]*. Almaty: Memlekettik Tildi Damytu instituty [in Kazakh].
- 34 (2003). *Etimologicheskii slovar tiurkskikh yazykov: Obshchetiurkskie i mezhtiurkskie osnovy na bukvy «L», «M», «N», «P», «S» [Etymological dictionary of Turkic languages: Common Turkic and inter-Turkic roots for letters “L”, “M”, “N”, “P”, “S”]*. Moscow: Vostochnaia literatura RAN [in Russian].
- 35 Malysheva, N.V. (2024). *Proiskhozhdenie leksiki zhivoi prirody: Onomasiologiya i etimologiya (yakutskii yazyk i ego dialekty) [The origin of wildlife vocabulary: Onomasiology and etymology (the Yakut language and its dialects)]*. Moscow [in Russian].

Information about the authors

Suiyerkul, Botagoz — Doctor of Philological Sciences, Chief Researcher of the State Language Development Institute, Almaty, Kazakhstan; e-mail: akbotakoz@mail.ru;

Akkozov, Abdizhalil — Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor, Senior Researcher of the State language Development Institute, Almaty, Kazakhstan; e-mail: accozov66@mail.ru.